

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ  
ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ**

**«Рухани жаңғыру» концепті идеясын  
жүзеге асыру аясындағы  
«ҰЛЫ ДАЛА ХАЛҚЫНЫҢ ДІНИ  
БІРЕГЕЙЛІГІ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ  
РУХАНИ ҚЫРЛАРЫ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
материалдар жинағы**

**«ДУХОВНЫЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ  
РЕЛИГИОЗНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ  
НАРОДА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»  
в рамках реализации идеи концепта  
«Рухани жаңғыру»**

**Сборник материалов  
международной научно-практической конференции**

**Алматы  
2019**

ӘӨЖ 1/14  
ҚБЖ 87  
Р 87

*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институтының Ғылыми кеңесі ұсынған*

**Редакция алқасы:**

*А.Қ. Бижанов*, саяси ғылымдарының докторы, профессор, (жауапты редактор)

*С.Е. Нұрмұратов*, философия ғылымдарының докторы, профессор

*Н.Л. Сейтахметова*, философия ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

*Б.М. Сатершинов*, философия ғылымдарының докторы, профессор

*С.Е. Бейсбаев*, бөлім меңгерушісі

**Р** «Рухани жаңғыру» концепті идеясын жүзеге асыру аясындағы «Ұлы Дала халқының діни бірегейлігі қалыптасуының рухани қырлары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. – Сборник материалов международной научно-практической конференции: «Духовные аспекты формирования религиозной идентичности народа Великой Степи» в рамках реализации идеи концепта «Рухани жаңғыру». – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2019. – 600 б.

**ISBN 978-601-7440-28-2**

Бұл жинаққа еліміздегі «Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асыру мақсатында өткізілген «Ұлы Дала халқының діни бірегейлігі қалыптасуының рухани қырлары» атты ғылыми конференцияның материалдары енгізілді. Тақырып жергілікті халықтың діни дүниетанымы мен болмысының дәстүрлі және тарихи аспектілерін ғана емес, Қазақстан қоғамының осы заманғы діндарлық деңгейін, оның инклюзивті және эксклюзивті үрдістерін де қозғайды. Мақалалар мазмұнына қарай бірегейлік қалыптасуының діни-философиялық қырларымен қатар, ұлттық-мәдени және саяси-әлеуметтік астарларын қамтуына қарай тарауларға жіктелген.

Жинақ гуманитарлық бағыттағы ғылым саласында қызмет ететін ғалымдар мен оқытушыларға, докторант, магистрант және студенттерге, сондай-ақ аталмыш мәселеге қызығушылық танытатын жалпы оқырман қауымға арналады.

ӘӨЖ 1/14  
ҚБЖ 87

**ISBN 978-601-7440-28-2**

© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану  
және дінтану институты, 2019

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<b><i>Сейтахметова Н.Л.</i></b> Духовность как парадигма исламской идентичности: проблемные ракурсы и решения в творчестве профессора Сатершинова Б.М.....	8
<b><i>Чарльз Уеллер (R. Charles Weller)</i></b> Issues of comparative history: the usa, south Africa and Kazakhstan.....	17
<b><i>Хизметли С.</i></b> Зайырлы мемлекеттегі дін түсінігі.....	40
<b><i>Gabitov T.Kh.</i></b> Kazakh Culture in the Context of Islam.....	50
<b><i>Кенжетай Д.Т.</i></b> Дін және мәдениет қатынасының өзектілігі.....	60
<b><i>Косиченко А.Г.</i></b> Влияние христианства на формирование духовности народов Центральной Азии с древности до настоящего времени.....	69
<b><i>Тышқанұлы К.</i></b> Қазақ дін ғұламаларының шығармаларындағы діни бірегейлік көріністері.....	84
<b><i>Колчигин С.Ю.</i></b> Экзистенциальная редукция как условие духовной самоидентификации.....	90
<b><i>Болекбаев С.Б.</i></b> О религии древних тюрок.....	97
<b><i>Нұрмұратов С.Е., Құрманғалиева Ф.К.</i></b> Қазақ халқының тарихи санасы аясындағы діни бірегейлену.....	113
<b><i>Соловьева Г.Г.</i></b> Евразийский концепт: вопрос о религиозной идентичности.....	123
<b><i>Қурманалиева А.Д., Қарыбаева А.Н.</i></b> Компенсаторная роль религии.....	128

**СЕКЦИЯ**

**«Ұлы Дала халқының рухани бірегейлігінің  
діни және философиялық астарлары»**

<b>Сатеришинов Б.М., Жүзей М.</b> Қазақ халқының діни бірегейлігіндегі инклюзивтілік.....	136
<b>Айдарбеков З.С.</b> Современные тенденции и влияние религиозной ситуации на развитие государственной молодёжной политики в Казахстане: направления, приоритеты, проблемы.....	146
<b>Кұрманалиева А.Д., Есдаулет Е.</b> Матуриди дүниетанымының діни бірегейлікті сақтаудағы ролі.....	156
<b>Шаповал Ю.В.</b> Религиозная идентичность современной казахстанской молодежи: установки, ценности, вызовы.....	163
<b>Барлыбаева Г.Г.</b> Значение духовного наследия Шакарима и Машхур Жусупа Копеева в формировании религиозной идентичности казахов.....	172
<b>Жалилов З.Г.</b> К методам и подходам изучения религиозности в современном обществе.....	179
<b>Затов К.А.</b> Кеңес дәуіріндегі мемлекет және дін қатынасы.....	187
<b>Ошақбаева Ж.Б.</b> Діни дастандардағы мифологиялық көріністер.....	197
<b>Қоңырбаева К.М.</b> Ислам құндылықтарының қазақ этикасына әсері.....	204
<b>Мадалиева Ж.К.</b> Діни толеранттылық. Діни толеранттылықтың өзіндік ерекшеліктері.....	212
<b>Исмагамбетов Т.Т.</b> Казахстанская модель культурной интеграции в контексте религиозной и языковой идентичности.....	219
<b>Бектенова М.К.</b> Қазақ халқының рухани құндылықтары мен ислам бірегейлігінің өзара үндестігі.....	229
<b>Шубаева У.К.</b> Қазақстан өркениетіндегі діни құндылықтар тасымалданылуы.....	237

<b>Аймұхамбетов Т.Т., Шағырбаев А.Д.</b> Влияние деятельности радикальных организаций в Казахском сегменте интернета.....	243
<b>Оқан С.</b> Қазақ ойшылдарының Матуриди сеніміндегі «Ақыл» теориясы туралы тұжырымы.....	247
<b>Тоқтарбекова Л.Н.</b> Қазақ руханиятындағы ислам дәстүрі.....	256
<b>Бағашаров Қ., Шалабаев Қ.</b> Орта ғасырда Англиядағы мемлекет пен шіркеу қатынасы.....	261
<b>Альмухаметов А.Р., Ниязов А.З.</b> Ақтөбе облысындағы салафизмнің қалыптасу тарихы мен шығу себептері.....	267
<b>Камарова Р.И., Ибраев Т.Д.</b> Ибн Халдунның «Мукаддимасы» 100 аударылатын кітаптың арасында орын алуға лайықты.....	274
<b>Шаукенов Ж.А.</b> Конфессияаралық келісім – ел тұрақтылығы.....	281
<b>Мейрманов А.Д.</b> Рухани жаңғыру үдерісінде ұлттық этикалық ұстанымдардың өзектілігі.....	286
<b>Dosmaganbetova A.A., Aitugan A.N.</b> The Role of Islamic Education in Consolidating Secular Society.....	296
<b>Қалдыбеков Н.С.</b> Иман мен білімнің арақатынасы: мұғтазила мен әллі сүннет арасындағы компаративистика.....	301
<b>Ибраев Е.</b> Қазақстандағы діни сенім бостандығы және мемлекеттің зайырлылық принциптері.....	307
<b>Утпенев Н.Т.</b> Таблиғ жамағатына тән дінге шақыру ерекшеліктері.....	313
<b>Шәкизада С.Б.</b> Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы Матуриди сенім мектебінің орны мен маңызы.....	323
<b>Құдайберген Ш., Купешов К.</b> Құрандағы кітап иелеріне қатысты аяттарды талдау.....	331
<b>Қарыбаев О.О.</b> Ислам как духовная основа формирования религиозной идентичности народа Великой степи.....	343

<b>Идрисов А.Ж.</b> Поиск религиозной идентичности в современном казахстанском обществе: на примере конверсий постсоветских мусульман в христианство.....	355
<b>Құрманалиева А.Д., Хұмархан Ж.</b> Тәуелсіздік жылдарындағы түрік діни жамағаттарының қызметі....	363
<b>Щегорцова А.Г.</b> Межконфессиональное согласие в зеркале казахстанских СМИ.....	373
<b>Захай А.</b> Дәстүр мен дін сабақтастығы.....	380
<b>Молдағалиева А.Е.</b> Гуманизм в исламе.....	386

### СЕКЦИЯ

#### «Ұлы Дала тұрғындарының рухани бірегейлігінің ұлттық-мәдени және саяси-әлеуметтік қырлары»

<b>Абсаттаров Р.Б., Рау И.А.</b> Киотская школа японской философии: некоторые размышления....	394
<b>Нысанбаев А.Н., Жанбаева Д.М.</b> Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруындағы ұлттық бірегейлік мәселесі.....	404
<b>Хамидов А.А.</b> Формы идентичности и самоидентичности.....	419
<b>Бурова Е.Е.</b> Контуры ценностных ориентаций казахстанцев: опыт социального измерения.....	428
<b>Сартаева Р.С.</b> О сущности феномена духовности в мире новой глобальной реальности.....	437
<b>Байтенова Н.Ж., Касаинова К.Е.</b> Киелі орын ұғымы және оның қазақстандағы этникалық, мемлекеттік бірегейленудегі рөлі.....	448
<b>Абсаттаров Г.Р.</b> Политологический анализ интеграционных тенденции норм право и морали казахстанского общества.....	462
<b>Құсайынов Д.Ө., Аюпова З.К.</b> Қазақстандық толеранттылықтың философиялық бастаулары.....	470
<b>Бегалинова К.К., Табашев Ф.М.</b> Түркия Республикасындағы діни бірлестіктер.....	477

<b>Сүлейменов П.</b> Әл-Фараби рухани әлемі: «қайырымды қала» коцепциясының әлеуметтік философиялық негіздері.....	482
<b>Насимов М.Ө.</b> Ғылымдағы ұлттық бірегейлік жөніндегі түсініктер.....	496
<b>Иманбаева С.С., Бидашова Ш.О.</b> «Мәңгілік ел» және «Ұлы даланың жеті қыры» идеяларының қоғамдық ойды жаңғыртудағы мәні.....	507
<b>Сейсен Н.Б.</b> Көпұлтты қазақандық қоғамды біріктіруінің факторлары.....	514
<b>Сатиева Ш.С.</b> Адам психикасына манипулятивті әсер ету.....	521
<b>Масанов Е.Ж.</b> Ақпараттық қауіпсіздік және дін.....	526
<b>Муканова Н.А., Сарғалиев А.М.</b> Идеология современного фундаментализма: угрозы, вызовы, способы профилактики.....	533
<b>Кемербай Р.</b> Асан Қайғының «Жерұйық» концепциясы.....	541
<b>Құттыбекқызы Г., Мамырбаев Д.Ж.</b> Жастарды сәләфизм індетінен сақтаудың әдіс-тәсілдері.....	548
<b>Набиев В.Г.</b> Функции языка как этнического признака.....	553
<b>Паридинова Б.Ж.</b> Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын дамыту шеңберіндегі рухани бірегейлік түсінігі.....	559
<b>Минулин А.</b> Экрандық мәдениет ұғымы: мәні мен мазмұны.....	565
<b>Ысқақ О.Е.</b> Қазақстандық ұлттардың мәдени интеграцияланудағы тарих рөлі....	572
<b>Назарова М.</b> Қазақстандағы этномәдени үдерістер: Корей халқының этникалық интеграциясы.....	581
<b>Розахунов Р.К.</b> Духовное пространство: структура, содержание.....	589
<b>Шналиев М.Ә.</b> Мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық мәселелері.....	594

## **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДІНИ БІРЕГЕЙЛІГІНДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІЛІК**

***Сатершинов Б.М.***

*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану  
институтының бас ғылыми қызметкері,  
философия ғылымдарының докторы, профессор*

***Мырзахмет Жүзей***

*Дінтанушы, PhD докторант*

Соңғы кездері «инклюзивті білім беру», «инклюзивті қоғам», «инклюзивті дүниетүсінік» және «инклюзивті қатынас» деген ұғымдар көп қолданыс тауып жүр. Инклюзивтілік ұғымының терминдік мағынасы ағылшынша «inclusion» – қосып алу дегенді аңғартады, оның кері түсінігі «exclusio» – «шығарып тастау» дегенді білдіреді. Бұл түсінік алдымен физикалық тұрғыда кемтар балаларды кемсітпей, арнайы интернаттарға қамап бөлектемей, шеттетпей, басқа сау балалармен қатар өзін жайлы сезінетіндей жағдайда оқыту практикасын енгізетін білім беру саласында қолданылды. Кейінірек, инклюзивті қатынас мүмкіндігі шектеулі адамдарға («мүгедек» атауының өзі кемсітушілік деп саналады) жағдай жасау арқылы қоғамдық өмірдің өзге салаларына да тарала бастады. Осылайша инклюзивті қоғам орнықтыру туралы сана қалыптаса бастады. Өзінің кең мағынасында бұл әркімнің өз жынысы, нәсілі, жасы, мәртебесі, ұлттық, діни және мәдени тегі, сондай-ақ физикалық және ментальдық жағдайының ерекшеліктеріне қарамастан өздерін қауымдастықта қабылданған, түсінілген толыққанды мүшесі ретінде сезінетін қоғамды білдіреді. Бұл адамдардың жаратылыстық әртектілігін, барлығының бір дәрежеде өмір сүруге деген табиғи құқығын мойындаудан, соған сәйкес өз төзімділігінің шекарасын кеңейтуге деген, инклюзияны интеграциялық қалып ретінде қабылдау ниетінен туған ұмтылыс.

Бұл мәселенің өзектілігі соңғы кездері қоғамда, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде кемсітушілік пен өшпенділік көңіл-күйдің күшейе түсуімен сипатталады. Кемтарларды, қылмыс жасап қойғандарды айтпағанда, бізде бір ауыз қате сөйлеп қойған беделді адамдарды, мемлекеттік



қызметкерлерді және т.б. жермен-жексен етіп, оған «таңба» қойып табалап, жер-жебіріне жете күйе жағып, оның болашақ мансабына, тіпті өмірін жайлы орналастыруына кедергісін келтіреді. Өздері ешқашан жазым болмайтындай, «сүттен ақ, судан тазадай», ешқашан сөзінде де, ісінде де қателеспейтіндей сезінеді. Бір жас министр «потому, что» деген сөзіне бола, оған сондай айдар тағылып кетті. Тіпті адамның табиғи мұқтаждықтарын да келемеждейтін жағдайлар кездеседі, мысалы, көпшілік жиында жел жіберіп қойған кісі, «осырақ молда» атанып, ол сол ауылдан көшіп кетуге мәжбүр болған, ал жергілікті халықтың жады бұл «айғақты» жыл санаудың датасына айналдырып жіберген көрінеді. Кей жерлердегі келінді жұмысқа жегіп жұмсаудың ғана нысанына айналдырудан, бала көтермеген әйелді «жұғып кетеді» деп әлеуметтік дәстүрлі шараларға қатыстырмаудан, нәресте дүниеге келгенде қыздан гөрі ұл боп туылуын қалаудан және т.б. осындай кемсітушіліктің белгілерін көруге болады. Өкінішке орай, мұндай мысалдар дәстүрлі қоғамда да, қазіргі заманда да жиі кездеседі.

Әсіресе, ұлттық, мәдени және діни түбірлерге негізделген «біз және басқалар» деген қарама-қарсы антигезаның салқыны қатаң агрессия мен балағаттауға әкеледі. Кез келген мәселені талқылау, мәселенің өзінің төңірегінен тысқа шығып, жеке тұлғалардың өздеріне қарай бағыттталып, оларға әр түрлі атаулар жабыстырылатын болды: «ұлтшыл», «ватник», «нацпат», «космополит», «уаххабшы», «сәләфит», «сақалды», «зікірші» және т.б. Әрине, олардың радикалдықпен шектесетін іс-әрекеттерін ақтауға болмайды, бірақ оларды осыған итермелейтін әрқилы әлеуметтік себептердің алдын алған анағұрлым тиімді. Және де экстремистік деп танылған ағымдармен жұмыс жасағанның өзінде оларды қатардан шығарудың емес, қатарға қосудың жұмсақ амалын жасау қажет. Жоғарыда аталған мүдделес топтардың әрқайсысы әлеуметтік желілерде бір мәселені талқылағанда, тек өздерінің көзқарастарын ғана құптап, қалған бөтен ұлттың, діннің, мәдениеттің өкілдерінің көзқарастарына тарпа бас салатын үрдіс пайда болды. Тіпті мұндай бөліп-жарушылық қалыпқа айналып, алуантүрлілікті мүлдем мойындамайтын эксклюзивті қоғам орнықтырудың алғышарттары пісіп-жетіліп келе жатқандай. Әрине, бұл үрдіс жаппай бұқаралық сипат алмағанымен, жағымсыздық әлеуеті басым келеңсіз жағдай. Сондықтан оның алдын алу үшін қазақ халқының діни

бірегейлігіндегі аталмыш құбылысты тарихи және әлеуметтанулық дінтанулық тұрғыдан зерделеудің маңызы зор.

2018 жылдың шілде-тамыз айларында «BISAM –Central Asia» ақпарат бизнесі, социологиялық және маркетингтік зерттеулер Орталығы ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының тапсырысы бойынша «Қазақстандық қоғамның рухани-мәдени жаңғыруындағы діни бірегейліктің рөлі мен маңызы» тақырыбында әлеуметтанулық зерттеулер жүргізді. Техникалық спецификациямен белгіленген тұжырымдамаға сәйкес зерттеу сандық және сапалық әдістерді қарастырды. Сандық әдіс ретінде ұлттық репрезентативті іріктеме бойынша нысандандырылған сауалнама жүргізілді. Оған Қазақстан территориялық және қоныс-мекендік құрылымы бойынша іріктеліп, 3500 респондентті құрайтын елдің 18+ жастағы азаматтары қатысты [1].

Қазақстандық қоғамда тұрғындардың діни сенімінің сәйкес келмеуі негізіндегі агрессиялық пен қарама-қарсы тұру пайда болуы мүмкін бе, оның ішінде діни радикализмнің өрбуі мүмкіндігі бар ма деген сұраққа жауап бергендердің айтарлықтай бөлігі (максимум көрсеткіш бойынша – үшінші респонденттен көбі) қоғамда агрессия және діни алаңда қарсылық туындауы мүмкін емес деп есептейді. Олардың көзқарасы бойынша аталмыш үрдіс алдағы жолы бұл бағытта дамуы мүмкін емес. Себебі, дін тек жақсылыққа үндейді және қоғамды ыдыратушы емес, қайта оны біріктіруші ретінде әсер етеді. Шамамен сауалнамаға қатысқандардың әрбір 6-шысы осындай пікір білдірді. Олардың ойынша жалпы діннің қоғамға оң әсері басым, дей тұрғанмен әртүрлі діни ағымдар тарапынан көрініс табатын белгілі бір дәрежеде радикалды, агрессивті қырлары да баршылық. Дін жалпы алғанда агрессивті болуы мүмкін дейтіндер мен діни радикализмнің бар екенін қуаттайтындар, сонымен қатар болашаққа пессимистік тұрғыдан қарайтындар (әрбір 8-ші респондент) да белгілі бір дәрежеде респонденттердің осы категориясына жатады.

Сурет 1. Қазақстан қоғамында агрессивтілік пен діни сенімнің әркелкілігіне байланысты қарсылық және діни радикализм туындауы мүмкін бе? (сауалнамаға қатысқандардың %-ы).